

Киберподготовка. В условиях роста киберугроз важной частью НВПТ может стать обучение основам информационной безопасности и киберзащиты, что особенно актуально для подготовки кадров в современных вооруженных силах.

Внедрение этих технологий откроет новые возможности для повышения эффективности обучения и подготовки молодежи к службе в армии и гражданской обороне.

Интеграция современных технологий в начальную военную и технологическую подготовку открывает новые возможности для повышения эффективности обучения и подготовки молодежи к военной службе. Использование VR, симуляторов, дистанционных курсов и игровых методов помогает сделать процесс обучения более доступным, безопасным и увлекательным. Однако для успешного внедрения таких технологий требуется системный подход, включающий обучение преподавателей и обеспечение технической базы[8].

В условиях быстрого технологического прогресса и изменяющихся реалий военно-политической обстановки важно следовать современным тенденциям, чтобы подготовка молодежи соответствовала требованиям времени.

В будущем дальнейшее развитие цифровых технологий и их активное применение в НВПТ позволит подготовить молодое поколение к выполнению сложных задач как на военной службе, так и в условиях гражданских кризисов. Таким образом, современные технологии становятся важным инструментом в формировании ответственных и подготовленных граждан, готовых к защите интересов своей страны.

Литературы:

1. Иванов, С.В. Инновационные методы в военной подготовке молодежи. Москва: Военное издательство, 2022.
2. Петров, А.В. Использование виртуальной реальности в образовании. Санкт-Петербург: Наука, 2021.
3. Смирнов, Н.П. Цифровая трансформация в системе подготовки резервистов. Екатеринбург: Уральское издательство, 2023.
4. Кузнецов, Л.И. Геймификация как способ повышения мотивации к обучению. Ростов-на-Дону: Феникс, 2020.
5. Сидорова, Т.М. Проблемы и перспективы дистанционного обучения в военных вузах. Казань: Академия образования, 2021.
6. Беляев, Д.В. Искусственный интеллект в образовательных процессах. Москва: Просвещение, 2022.
7. Лебедев, А.П. Киберугрозы и информационная безопасность в НВП. Санкт-Петербург: Питер, 2023.
8. Фролова, Е.С. Интернет вещей в образовании: перспективы применения. Екатеринбург: Уральское издательство, 2022.

Адилбаева Р.Т.

«Бауыржан Момышұлы атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ
Қарағанды қаласы

4К МОДЕЛІ: «ЖАС САРБАЗ» СЫНЫПТАРЫНДА ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕРІН ЖЕТІЛДІРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

XXI ғасырдың негізгі құндылықтары саналатын интеллект, креативтілік, әлеуметтік қабілет, адам өмірінің барлық кезеңінде дамиды. Өткен ғасырда мектеп қалыптастырған білім мен дағдылардың біздің заманымызда табысты адам болу үшін жеткіліксіз екені байқалды. Технологияның дамуы, жаһандану, демографиялық проблемалар қоғамды белсенді түрде өзгертуде. Білім беру жүйесі де өз мақсаттарын қайта түсіндіріп, білім беру бағдарламаларына дағдылардың кең тізімін қосты. Білім беру ісінде 4К моделіне:

креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті дамытуға және командада жұмыс істей білуге басты назар аударылуда.

Мектептің әлеуметтік - педагогикалық ортасында білімді, рухани-адамгершілік қасиеттері, сыни ойлау, шығармашылық қабілеттері мен дене бітімі дамыған, қарым-қатынас мәдениеті жетілген, дені сау, әр түрлі қызмет түрлерінде өзін іске асыруға қабілетті тұлғаны қалыптастыруға бағытталған "Жас Сарбаз" мамандандырылған сыныбының жаңа форматты білім беру кеңістігі құрылған. Мамандандырылған сыныптардағы заманауи білім беру мазмұнының моделі оқушылардың жан-жақты дамуына бағытталған негізгі және қосымша білім беруді қамтиды.

Негізгі және қосымша білім беру процесі өзара сабақтаса отырып, «Жас сарбаз» сыныбы тәрбиеленушілерінің танымдық белсенділіктерін дамытуға, сыни көзқарастары мен командада жұмыс жасау дағдыларын шыңдауға, жалпы жеке тұлғаның өзін-өзі жетілдіруге деген ішкі қажеттілігін қалыптастыруға бағытталған. Жас сарбаз сыныптарындағы оқу процесінде жаратылыстану бағытындағы пәндер тереңдете оқытылады.

Мамандандырылған сыныптарда Жас сарбаз жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде алған білім-біліктерін «Айналамыздағы математика», «Авиамоделдеу», «Физика және техника», «Қолданбалы математика», «Компьютерлік графика», «Геоэкология», «Өндірістегі математиканың маңызы», «3Д моделдеу» факультатив пәндері арқылы жетілдіреді. Жас сарбаз сыныптарына сабақ беретін педагогтардың міндеті - сабақтарда және сабақтан тыс уақытта әскери-патриоттық материалды физика, математика, география, информатика бағдарламасының мазмұнымен, курстың логикалық үйлесімділігін бұзбай байланыстыру, оны балаларға нақты мысалдармен, аудиовизуалды құралдарды қолдана отырып ұсыну, сонымен қатар зерттелетін құбылыстар мен заңдардың әскери істерде қалай қолданылатынын түсіндіру және көрсету болып табылады. Аталған бағдарламалар бойынша өткізілетін практикалық сабақтар Жас сарбаздың ақпараттар ағынын бағдарлай алу мүмкіндігін, себеп-салдарлық байланыстарды көре алуын, қажетсіз ақпараттарды електен өткізіп қорытындылауын, өзгермелі жағдайларда өзін сенімді ұстап, дәстүрлі емес шешімдерді қабылдай алуға, жағдаятты әр тұрғыдан бағалауына мүмкіндік береді. Өз ойларының бағытын, әдісін түсіндіре алу, өз тұжырымдарын қорғай білуді, гипотезаларды шығаруды үйренеді.

Сонымен бірге, Жас сарбаздардың кәсіби білім негіздерін, кәсіптік дағдыларын қалыптастыратын қосымша бағдарламалар әскери іс негіздері, жалпы дене дамуы және спорттық-сауықтыру, эстетикалық тәрбие бөлімдері бойынша дайындалған.

«Әскери іс негіздері» бағыты бойынша оқылатын қосымша бағдарламалар	Дене дамуы және спорттық-сауықтыру бағыты бойынша оқылатын қосымша бағдарламалар	Эстетикалық тәрбие бағыттары бойынша оқылатын қосымша бағдарламалар
<p>1.«Әскери топография» факультатив пәні /6-10 сыныптар/;</p> <p>2. «Әскери-патриоттық тәрбие негіздері» факультатив пәні /6-10 сыныптар/;</p> <p>3.«Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің тарихы» факультатив пәні /8-сынып/</p> <p>Аталған бағдарлама Қарағанды қаласы білім бөлімінің ғылыми-әдістемелік кеңесінде тыңдалып, бекітілді.</p> <p>4.Тактикалық дайындық пәні</p>	<p>1.Қоян-қолтық ұрыс секциясы /7-11 сыныптар/;</p> <p>2.Құзға өрмелеу секциясы /7-11 сыныптар/;</p> <p>3.Бассейнде жүзу секциясы /7-11 сыныптар/;</p> <p>4.Ат спорты секциясы /8-10 сыныптар/;</p> <p>5.Футбол секциясы /7-11 сыныптар/;</p> <p>6.Спорттық туризм секциясы /7-11 сыныптар/</p> <p>7.Шахмат секциясы /7-10-сыныптар</p>	<p>1.Жас сарбаздар хоры /7-11 сыныптар/;</p> <p>2.Жас сарбаздардың вокал өнері /7-11 сыныптар/;</p> <p>3.Хореография /5-11 сыныптар/;</p> <p>4.Барабан соғу машығы /7-10 сыныптар/;</p> <p>5.Қолданбалы бейнелеу өнері /7-9 сыныптар/</p> <p>6.Домбыра үйірмесі /8-11 сыныптар/</p> <p>7. «Шамшырақ» драмалық қойылымдар театры</p> <p>8. «Ералаш» жайдарман клубы</p>

/8-10 сыныптар/ 5.Ату өнері /9-10 сыныптар / 6.Әскери-десанттық дайындық /11 сынып/ 7.Саптық дайындық пәні /7-11 сыныптар		
--	--	--

Аталған факультативтер мен кәсіби пәндерге, үйірме-секцияларға Жас сарбаздықтар үлкен қызығушылық, құлшыныспен қатысады. Қазіргі замандағы әскери білім беру жүйесінің тағы бір ерекшелігі - сабақ процесінде Жас сарбаздардың бұрын игерген білім-біліктері үнемі жаңғыртылып отыруымен бірге, шығармашылық және командалық іс-әрекеттердің үйлесімді сабақтастықта жүзеге асырылуы болып табылады. Мысалы, 10-сыныпта өткізілетін «Әскери топография» пәнінде Жас сарбаздар бөлімшесіне әскери құрамның ұрыс қимылдарын нәтижелі жүргізулері үшін топографиялық карта мен аэросуреттерді пайдалана отырып, жергілікті жерді зерттеуге тапсырма беріледі. Бұл тапсырманы орындау үшін Жас сарбаздар география, математика мен «Әскери топография», қолданбалы бейнелеу өнері пәндеріндегі білімдері мен дағдыларын пайдаланады. Бөлімше өзара ынтымақтастық көмекке жүгінеді, өзара тиімді іс –әрекет жасайды, сапалы диалог құрады. Мәлімдемелердің, дәлелдердің сенімділігін бағалау мүмкіндігін саралайды. Қорытынды жасап, кей ақпараттың жетіспеушілігін анықтайды. Жалпы мақсатты және оған жету жолындағы рольдерді айқындай отырып, оның нәтижесін болжайды, бағалайды. Жұмыс барысында көшбасшылар анықталады.

«Тактикалық дайындық» факультатив пәнінде Жас сарбаздар тарихтағы ұлы қолбасшылардың соғыс жүргізу өнерлерімен, әскери айлакерлікпен, қазіргі заманғы ұрыстың сипатымен танысады. Сондай-ақ, табиғи ортада лагерь, палатка құру, от жағу, далада және орманда баспана салуға қатысты практикалық тәжірибеден өтеді. Бұл пән арқылы да сыни, шығармашылық және инновациялық ойлауды жүзеге асыру,ынтымақтастық қолдау көрсету, өзара келіссөздер жүргізу және байланыс орнату, әңгімелесушіні тыңдау және өз көзқарасын жеткізу қабілеттері өмірлік дағдыға айналады.

Жас сарбаз сыныптарының тәрбиеленушілері қоғамдық жұмыстарда да зор белсенділік көрсетеді. «Жылы жүрек» волонтерлық қызметін, Көгілдір тоған шағынауданында тұратын Ұлы Отан соғысы, тыл ардагерлері жайлы ақпараттарды жинап, «Шежіре» электронды кітапшасын құрастыру, «Долгая дорога домой» Республикалық қоғамдық тобының «Атамның аманаты» бағыты бойынша Ұлы Отан соғысында белгісіз кеткен Қазақстандық жауынгерлерді іздестіру жұмыстарын жүзеге асыру Жас сарбаздардың әлеуметтік күзиреттіліктерінің қалыптасуына ықпал ететіні тәжірибеде байқалды. «Ашық ойлаңыз! Батыл әрекет етіңіз!» ұстанымын серік еткен Жас сарбаздар мектепте өткізілетін «Диалог алаңдарының», тақырыптық пікірталастардың, «Креативті күрес» командалық ойындарының, «Коворкинг алаңының», спорттық, шығармашылық жекпе-жектердің белсенді қатысушылары.

Бәсекеге қабілетті жеке тұлға қалыптастыру мектеп қабырғасынан, яғни мұғалімдерден бастау алады. Сондықтан әрбір ұстаз өз сабақтарында тек білімдік мақсаттарды шешіп қоймай, балалардың жекелік қасиеттерін, қабілеттерін дамытудың жолдарын қарастыруы қажет.[1] Талантқа қамқорлық көрсетілуі керек. Демек, оқушыға білім бере отырып, біз оқушының жан-жақты дамуына мүмкіндік жасауымыз қажет.

Әдебиет:

1. Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 маусымдағы № 194 бұйрығымен бекітілген.